

Мәліметтерді (ақпаратты) ұсынбағаны үшін айыппұл салу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2024 жылғы 19 наурыздағы № 24 шешімі

Еуразиялық экономикалық комиссиясы алқасы (бұдан әрі-Комиссия) Бәсекелестіктің жалпы қағидаттары мен қағидалары туралы хаттаманың 16-тармағының 5-тармақшасына (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа тіркелген № 19 қосымша) (бұдан әрі – Хаттама), Еуразиялық экономикалық комиссиясы кеңесінің 2012 жылғы 17 желтоқсандағы № 118 шешімімен бекітілген Траншекаралық нарықтардағы бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзғаны үшін айыппұлдарды есептеу әдістемесі мен салу тәртібінің 17-тармағына (бұдан әрі – Есептеу әдістемесі және айыппұл салу тәртібі), Еуразиялық экономикалық комиссиясы кеңесінің 2012 жылғы 23 қарашадағы № 99 шешімімен бекітілген Траншекаралық нарықтардағы бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзу туралы істерді қарау тәртібінің 44 және 45-тармақтарына сәйкес мәліметтерді (ақпаратты) ұсынбау туралы істі қарады:

Іс материалдарын қарау нәтижелері бойынша, Еуразиялық экономикалық одақ құқығына кіретін халықаралық шарттар мен актілердің бәсекелестік саласындағы ережелеріне сүйене отырып, қаралатын істің нақты мән-жайларын және осы шешімнің сипаттамалық және дәлелді бөліктерінде берілген істі қарау жөніндегі комиссияның қорытындыларын қосымшаға сәйкес зерделей отырып, есептеу әдістемесін және айыппұл салу тәртібін басшылыққа ала отырып, комиссия алқасы **шешті**:

1. Деп танылсын:

а) "Магнитогорск химиялық реагенттер зауыты" (Ресей Федерациясы, Челябинь облысы, Магнитогорск қаласы, Киров көшесі, 104-үй, 2-құрылыс, НМТН 1167456057108, тіркеу күні – 2016 жылғы 9 ақпан, СТСН 7456030614) жауапкершілігі шектеулі қоғамы (бұдан әрі – ЖШҚ МХРЗ) мен оның бас директоры Д. Ш. Гатиннің 2023 жылғы 13 наурыз бен 23 қараша аралығында Комиссияның сұрауы бойынша мәліметтерді (ақпаратты) ұсынбауында көрсетілген, жауапкершілігі Хаттаманың 16-тармағының 5-тармақшасында көзделген әрекетсіздігі Хаттаманың 13-тармағының ережелерін бұзды;

б) осы тармақтың "а" тармақшасында көрсетілген адамдарға қатысты істі қарауды тоқтату үшін негіздер жоқ.

2. Хаттаманың 16-тармағының 5-тармақшасына және есептеу әдістемесіне және айыппұл салу тәртібіне сәйкес мынадай мөлшерде айыппұлдар тағайындалсын:

ЖШҚ "МХРЗ"- 433 333 Ресей рублы 33 тиын;

Д. Ш. Гатинға- 26 641 Ресей рублі 67 тиын.

Осы шешіммен тағайындалған айыппұлдар хаттаманың 17 және 18-тармақтарында белгіленген тәртіппен төленуге тиіс (айыппұл төлеуге арналған банк деректемелері: алушы – СТСН 7703516539, есепке қою себебінің коды - 770301001, Федералды қазынашылықтың аймақаралық операциялық басқармасы (Ресейдің Федералды монополияға қарсы қызметі үшін д/ш – 04951001610), МАБЖ 45380000, алушының банкі – Ресей Банкінің операциялық департаменті// Мәскеу қаласының Федералды қазынашылық аймақаралық операциялық басқармасы, банк шотының нөмірі- 40102810045370000002, қазынашылық шотының нөмірі – 031006430000000019500, БСК 024501901, БСК 16111615000010000140).

3. Осы шешім ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң, бірақ 2024 жылғы 28 сәуірден ерте емес күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
алқасының төрағасы*

Б. Сағынтаев

Еуразиялық экономикалық
комиссиясы алқасының
2024 жылғы 19 наурыздағы
шешіміне
ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық комиссиясы алқасының 2024 жылғы 19 наурыздағы № 24 шешімінің СИПАТТАМАЛЫҚ ЖӘНЕ ДӘЛЕЛДЕМЕЛІК БӨЛІКТЕРІ

Бәсекелестіктің жалпы қағидаттары мен қағидалары туралы хаттаманың 10-тармағының 4-тармақшасына (Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа тіркелген № 19 қосымша) (бұдан әрі тиісінше – Хаттама, Шарт) сәйкес Хаттаманың 13 тармағының ережелерін бұзуға байланысты Еуразиялық экономикалық комиссиясының (бұдан әрі – Комиссия) 2023 жылғы 20 шілдедегі № 59/ұйғ. ұйғарымымен "Магнитогорск химиялық реагенттер зауыты" жауапкершілігі шектеулі қоғамына (бұдан әрі – ЖШҚ "МХРЗ") (Ресей Федерациясы, Челябинь облысы, Магнитогорск қаласы, Киров көшесі, 104-үй, 2- құрылыс, НМТН 1167456057108, тіркеу күні – 2016 жылғы 9 ақпан, СТСН 7456030614) қатысты мәліметтерді (ақпаратты) (бұдан әрі – мәліметтерді (ақпаратты) ұсынбау туралы іс) ұсынбау фактісі бойынша іс қозғалды және оны келесі құрамда қарау жөніндегі комиссия тағайындалды:

мәліметтерді (ақпаратты) ұсынбау туралы істі қарау жөніндегі комиссияның төрағасы А. Г. Сушкевич;

мәліметтерді (ақпаратты) ұсынбау туралы істі қарау жөніндегі комиссия төрағасының орынбасары А. А. Қалиев;

мәліметтерді (ақпаратты) ұсынбау туралы істі қарау жөніндегі комиссия мүшелері А. Б. Әбділдаева, О. С. Королькова, А. Л. Сейталиев және С. С. Суменков.

Мәліметтерді (ақпаратты) ұсынбау туралы істі қарауға қатысқан тұлғалар: құзыретіне бәсекелестік (монополияға қарсы) саясатты іске асыру және (немесе)

жүргізу кіретін Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі тиісінше – мүше мемлекеттер, Одақ) уәкілетті органдарының өкілдері – А.Ж. Алимбекова, Ю.В. Велтер, А.В.Войно, Я.А. Петрушина, А.С. Керімбаева және Я.В. Склорова.

Шешім қабылдау үшін қосымша мәліметтер (ақпарат) алу қажеттілігіне байланысты мәліметтерді (ақпаратты) ұсынбау туралы істі қарау мерзімі 60 жұмыс күніне ұзартылды, ол туралы 2023 жылғы 4 қазандағы № 63/ұйғ. ұйғарымы шығарылды.

Еуразиялық экономикалық комиссиясы кеңесінің 2012 жылғы 23 қарашадағы № 99 шешімімен бекітілген Траншекаралық нарықтардағы бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзу туралы істерді қарау тәртібінің (бұдан әрі – Істерді қарау тәртібі), 23-тармағына сәйкес 2023 жылғы 23 қарашада мәліметтерді (ақпаратты) ұсынбау туралы істі қарау жөніндегі комиссияның төрағасы А.Г. Сушкевич мәліметтерді (ақпаратты) ұсынбау туралы істі қараудың аяқталғаны туралы жариялады.

Мәліметтерді (ақпаратты) ұсынбау туралы істі қарау нәтижелері бойынша мыналар белгіленді.

"ТехноХимРеагентБел" (Беларусь Республикасы, Гродно облысы, Гродно қаласы, Дзержинский көшесі, 116А-үй, ТН 590831274, тіркеу күні – 2011 жылғы 30 қыркүйек, ТЕН 590831274) 2021 жылғы 16 маусымдағы (кіріс нөмірі № 11063 2021 жылғы 17 маусымдағы) жауапкершілігі шектеулі қоғамының 2021 жылғы 16 маусымдағы нөмірсіз өтінішін қарау қорытындысы бойынша Комиссия 2023 жылғы 25 қаңтардағы № 9/ұйғ. ұйғарымымен, оның ішінде ЖШҚ "МХРЗ" қатысты Траншекаралық нарықтардағы бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзу туралы іс (бұдан әрі – бәсекелестік қағидаларын бұзу туралы іс) қозғады.

Бәсекелестік қағидаларын бұзу туралы істі қарау шеңберінде Істерді қарау тәртібінің 21-тармағына және Хаттаманың 13-тармағына сәйкес 2023 жылғы 20 ақпандағы №25/ұйғ. ұйғарымымен (бұдан әрі – №25/ұйғ. ұйғарым), оның ішінде "МХРЗ" ЖШҚ-дан, атап айтқанда "МХРЗ" ЖШҚ-ның жеке-дара атқарушы органының өкілеттігін жүзеге асыратын тұлға туралы (ақпарат) және "МХРЗ" ЖШҚ-мен бір адамдар тобын құратын тұлғалар туралы мәліметтерді растайтын құжаттар, трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзу фактісін тану немесе мойындамау туралы және мұндай бұзушылықты жою мақсатында қабылданған шаралар туралы сұралды.

№ 25/ұйғ. ұйғарым "МХРЗ" ЖШҚ мекенжайына 2023 жылғы 22 ақпандағы № 22-96 хатпен пошталық байланысы операторының "Ресей поштасы" акционерлік қоғамының (бұдан әрі – "Ресей поштасы" АҚ) қызметтерін пайдалана отырып, "МХРЗ" ЖШҚ орналасқан мекенжайы: Ресей Федерациясы 455007, Челябин облысы, Магнитогорск қаласы, Киров көшесі, 104-үй, 2-құрылыс бойынша № 80080981645663 пошта сәйкестендірушісі берілген хабарламасы бар тапсырысты пошта жөнелтілімімен жіберілді.

Пошта жөнелтілімін тапсыру туралы хабарламаға сәйкес ол алушыға 2023 жылғы 13 наурызда тапсырылды, алайда № 25/ұйғ. ұйғарымда сұратылған ақпаратты "МХРЗ" ЖШҚ ұсынбады.

2023 жылғы 21 наурыздағы № 32/ұйғ. ұйғарыммен Бәсекелестік қағидаларын бұзу туралы істі қарау жөніндегі комиссия (бұдан әрі – № 32/ұйғ. ұйғарымы) "МХРЗ" ЖШҚ № 25/ұйғ. ұйғарымымен сұратылған мәліметтерді (ақпаратты) ұсыну қажеттігі туралы хабардар етті.

№ 32/ұйғ. ұйғарымы 2023 жылғы 23 наурыздағы № 22-160 хатпен "Ресей поштасы" АҚ қызметтерін пайдалана отырып жіберілді, ол пошта жөнелтілімін тапсыру туралы хабарламаға сәйкес "МХРЗ" ЖШҚ-ға 2023 жылғы 6 сәуірде табысталған. Алайда, № 25/ұйғ. ұйғарымымен сұратылған ақпаратты "МХРЗ" ЖШҚ ұсынбады.

Сонымен бірге бәсекелестік қағидаларын бұзу туралы істі қарау шеңберінде Істерді қарау тәртібінің 21-тармағын және Хаттаманың 13-тармағын, 2023 жылғы 14 сәуірдегі № 36/ұйғ. ұйғарымын (бұдан әрі – № 36/ұйғ. ұйғарым) басшылыққа ала отырып оны қарау жөніндегі комиссия, оның ішінде "МХРЗ" ЖШҚ-дан мәліметтерді (ақпаратты), шарттардың көшірмелерін, шикізатты сатып алу және тауарды өндіру көлемі туралы мәліметтерді, тауарды қабылдау актілерінің көшірмелерін, тауар белгілері бойынша шағымдар туралы ақпаратты және өзге де ақпаратты сұратты, сондай-ақ, "МХРЗ" ЖШҚ № 25/ұйғ. ұйғарымымен сұралған мәліметтерді (ақпаратты) ұсыну қажеттігі туралы хабардар етті.

№ 36/ұйғ. ұйғарым 2023 жылғы 18 сәуірдегі № 22-180 хатпен "Ресей поштасы" АҚ қызметтерін пайдалана отырып, хабарламасы бар тапсырысты пошта жөнелтілімімен жіберілді. Алайда, № 36/ұйғ. ұйғарымымен сұратылған ақпаратты "МХРЗ" ЖШҚ ұсынбады.

Бәсекелестік қағидаларын бұзу туралы істі қарау жөніндегі комиссияның кейінгі отырыстарының шеңберінде оны қарау жөніндегі комиссия "МХРЗ" ЖШҚ -ны 2023 жылғы 23 мамырдағы № 44/ұйғ. және 2023 жылғы 14 маусымдағы № 49/ұйғ. ұйғарымдарында (бұдан әрі тиісінше – № 44/ұйғ. ұйғарымы, № 49/ұйғ. ұйғарымы) № 25/ұйғ. және № 36/ұйғ. ұйғарымдармен сұратылған мәліметтерді (ақпаратты) ұсыну қажеттігі туралы хабардар етті.

2023 жылғы 20 ақпандағы № 25/ ұйғ. ұйғарымы бойынша ақпаратты ұсыну мерзімі 2023 жылғы 23 наурызда, ал 2023 жылғы 14 сәуірдегі № 36/ ұйғ. ұйғарымы бойынша – 2023 жылғы 12 мамырда аяқталды.

"МХРЗ" ЖШҚ-ға № 44/ ұйғ. және № 49/ ұйғ. ұйғарымдары тиісінше 2023 жылғы 13 маусым мен 10 шілдеде тапсырылды. Алайда, "МХРЗ" ЖШҚ комиссияға көрсетілген анықтамалармен сұратылған мәліметтерді (ақпаратты) ұсынбады.

Заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік тізілімінен алынған үзінді көшірмесіне сәйкес Д. Ш. Гатин "МХРЗ" ЖШҚ құрылтай (жарғылық) құжаттарына сәйкес 2023 жылғы 13 наурыз бен 23 қараша аралығында "МХРЗ" ЖШҚ – заңды тұлғасының –

жеке-дара атқарушы органы, сонымен қатар оның бас директоры және "МХРЗ" ЖШҚ – заңды тұлғасының атынан сенімхатсыз әрекет етуге құқығы бар тұлға болып табылған.

2023 жылғы 23 тамыздағы № 61/ұйғ. ұйғарымымен мәліметтерді (ақпаратты) ұсынбау туралы іс жөніндегі комиссия "МХРЗ" ЖШҚ бас директоры Д. Ш. Гатинді осы іс бойынша жауапқа тартты, сондай-ақ, "МХРЗ" ЖШҚ мен оның бас директорының хаттаманың 13-тармағының ережелерін бұзу фактісімен келісетіні немесе келіспейтіні туралы ұстанымын сұрады. Аталған ұйғарым олардың мекен-жайына, оның ішінде "МХРЗ" ЖШҚ бас директоры Д. Ш. Гатиннің тұрғылықты мекенжайы бойынша тіркеу мекенжайына 2023 жылғы 25 тамыздағы № 22-354 хатпен "Ресей поштасы" АҚ қызметтерін пайдалана отырып, № 80083787346765 ("МХРЗ" ЖШҚ-ға 2023 жылғы 8 қыркүйекте тапсырылған) және № 80083787346772 Д. Ш. Гатинға 2023 жылғы 8 қыркүйекте тапсырылған) пошта сәйкестендіргіштері берілген, хабарламасы бар тапсырысты пошта жөнелтімдерімен жіберілді.

Мәліметтерді (ақпаратты) ұсынбау туралы істі қарау шеңберінде "МХРЗ" ЖШҚ және оның бас директорының атына тиісті мәліметтерді (ақпаратты) сұрата отырып, 2023 жылғы 8 қыркүйектегі № 62/ұйғ. (2023 жылғы 12 қыркүйектегі № 22-372 хатпен жолданған, № 80082588331628 – "МХРЗ" ЖШҚ-ға 2023 жылғы 27 қыркүйекте, № 80082588331642 – Д.Ш. Гатинға 2023 жылғы 27 қыркүйекте пошталық сәйкестендіргіштері тапсырылған) және 2023 жылғы 4 қазандағы № 63/ ұйғ. (2023 жылғы 6 қазандағы № 22-395 хатпен жолданды, № 80084389891479 пошталық сәйкестендіргішті – "МХРЗ" ЖШҚ-ға тапсыру әрекеті сәтсіз шыққан, № 80084389891486 және № 80084389891455 пошталық сәйкестендіргіштерді – Д.Ш. Гатинге тапсыру әрекеттері сәтсіз шыққан) және 2023 жылғы 3 қарашадағы № 65/ ұйғ. (2023 жылғы 8 қарашадағы № 22-435 хатпен жолданды, № 80087790213052 пошталық сәйкестендіргішті – "МХРЗ" ЖШҚ-ға тапсыру әрекеті сәтсіз шыққан, № 80087790213069 және № 80087790213076 пошталық сәйкестендіргіштерді – Д.Ш. Гатинге тапсыру әрекеттері сәтсіз шыққан) ұйғарымдары жолданды.

Хаттаманың 10-тармағының 7-тармақшасына сәйкес Комиссия мемлекеттік билік органдарынан, жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан, мүше мемлекеттердің өзге де органдары мен ұйымдарынан, заңды және жеке тұлғалардан, оның ішінде трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестіктің жалпы қағидаларының сақталуын бақылау жөніндегі өкілеттіктерді жүзеге асыру үшін қажетті құпия ақпаратты сұратуды және ақпарат алуды жүзеге асырады.

Хаттаманың 13-тармағына сәйкес Комиссия трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестіктің жалпы ережелерін бұзу туралы істерді қарау кезінде мемлекеттік билік органдарынан, жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан, мүше мемлекеттердің органдары мен ұйымдарының, заңды және жеке тұлғалардан олардың функцияларын жүзеге асыратын өзге де органдардан істі қарау үшін қажетті ақпаратты сұратады. Мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілері (нарық субъектілері),

коммерциялық емес ұйымдары, мемлекеттік билік органдары, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, олардың функцияларын жүзеге асыратын өзге де органдар немесе ұйымдар (олардың лауазымды адамдары), жеке тұлғалар Комиссияға оның сұрау салуы бойынша белгіленген мерзімдерде өзіне жүктелген өкілеттіктерге сәйкес Комиссияға қажетті ақпаратты, құжаттарды, мәліметтерді, түсініктемелерді беруге міндетті.

Істерді қарау тәртібінің 21-тармағына сәйкес істі қарау жөніндегі комиссия істі қарауға қатысатын адамдардан істі қарау барысында туындайтын мәселелер бойынша жазбаша немесе ауызша нысанда құжаттарды, мәліметтер мен түсіндірмелерді сұратуға құқылы.

Осылайша, тиісті істі қарау шеңберінде бәсекелестік қағидаларын бұзу туралы істі қарау жөніндегі комиссия Хаттамаға және Істерді қарау тәртібіне сәйкес мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің (нарық субъектілерінің) бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзуының жолын кесу жөніндегі өз өкілеттіктерін орындай отырып, Шарттың ережелерін басшылыққа ала отырып, "МХРЗ" ЖШҚ -дан тиісті мәліметтерді (ақпаратты) сұратты. Алайда, "МХРЗ" ЖШҚ мұндай мәліметтері (ақпараты) ұсынбады, сонымен қатар олар мәліметтерді (ақпаратты) ұсынбау туралы істі қарау барысында да ұсынылмады.

Мәліметтерді (ақпаратты) ұсынбау туралы істі қарау жөніндегі Комиссия "МХРЗ" ЖШҚ-ның әрекетсіздігі оның Одақ органдары актілерінің монополияға қарсы реттеу саласындағы ережелерін сақтау жөніндегі міндетін орындамағанынан және оларды сақтау жөнінде қажетті және жеткілікті шаралар қолданбағанынан көрініс табады деп есептейді, осыған байланысты "МХРЗ" ЖШҚ өзінің әрекетсіздігімен Хаттаманың 13-тармағын бұзды, атап айтқанда Комиссияның сұрауы бойынша мәліметтерді (ақпаратты) ұсынбады деген қорытынды жасауға болады.

Хаттаманың 16-тармағы 5-тармақшасының екінші абзацына сәйкес шаруашылық жүргізуші субъектілердің (нарық субъектілері) ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын, шаруашылық жүргізуші субъектілер (нарық субъектілері) болып табылмайтын коммерциялық емес ұйымдардың басшылары мен қызметкерлері, шаруашылық жүргізуші субъектілердің (нарық субъектілері) жеке-дара атқарушы органдарының өкілеттіктерін жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілер (нарық субъектілері) болып табылмайтын коммерциялық емес ұйымдардың басшылары лауазымды тұлға деп түсіндіріледі.

"МХРЗ" ЖШҚ -ның құрылтай (жарғылық) құжаттарына сәйкес бас директоры болған Д. Ш. Гатин Одақ органдарының монополияға қарсы реттеу саласындағы актілердің ережелерін сақтау жөніндегі міндетін орындамады, оларды сақтау жөнінде қажетті және жеткілікті шаралар қабылдамады, осыған байланысты Д.Ш. Гатин Комиссияның сұрауы бойынша мәліметтерді (ақпаратты) ұсынуды қамтамасыз етпей, Хаттаманың 13-тармағының ережелерін бұзды деген қорытынды жасауға болады.

Істі қарау шеңберінде "МХРЗ" ЖШҚ-ға және оның лауазымды тұлғасы Д.Ш. Гатинге мәліметтерді (ақпаратты) ұсынбау туралы Істерді қарау тәртібінің 13-тармағында көзделген барлық құқықтарды іске асыру мүмкіндігі қамтамасыз етілді. Бұдан бөлек, олардан осы іс бойынша түсініктемелер, сондай-ақ Хаттаманың 13-тармағының ережелерін бұзу фактісімен келісетіні немесе келіспейтіні туралы ұстанымдары сұратылды. Алайда, "МХРЗ" ЖШҚ және оның лауазымды тұлғасы Д.Ш. Гатин түсініктемені, сондай-ақ Хаттаманың 13-тармағының ережелерін бұзу фактісімен келісетіні немесе келіспейтіні туралы ұстанымын ұсынған жоқ.

Мәліметтерді (ақпаратты) ұсынбау туралы істі қарау жөніндегі комиссияның отырыстарына "МХРЗ" ЖШҚ өкілдері және оның лауазымды тұлғасы Д.Ш. Гатина қатыспады және осы істі қарау жөніндегі комиссия отырысының күнін ауыстыру туралы өтінішхаттар ұсынған жоқ.

"МХРЗ" ЖШҚ және оның лауазымды тұлғасы Д.Ш. Гатиннің және (немесе) олардың өкілдерінің мәліметтерді (ақпаратты) ұсынбау туралы істі қарау жөніндегі комиссияның отырыстарына қатыспауының дәлелді себебі туралы ақпарат ұсынбады.

"МХРЗ" ЖШҚ мен оның лауазымды тұлғасы Д.Ш. Гатиннің комиссия сұратқан мәліметтерді (ақпаратты) ұсынуына кедергі келтіретін мән-жайлар анықталған жоқ.

Мәліметтерді (ақпаратты) ұсынбау туралы іс бойынша жиналған дәлелдемелерді бағалай келе, осы іс жөніндегі комиссия "МХРЗ" ЖШҚ мен оның бас директоры Д.Ш. Гатиннің кінәсі расталды, ал олардың әрекетсіздігі Хаттаманың 13-тармағының ережелерін бұзушылық ретінде дұрыс бағаланған деп есептейді.

Хаттаманың 16-тармағының 5-тармақшасына сәйкес, Еуразиялық экономикалық комиссиясы кеңесінің 2012 жылғы 17 желтоқсандағы № 118 шешімімен бекітілген Траншекаралық нарықтардағы бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзғаны үшін айыппұлдарды есептеу әдістемесіне және салу тәртібіне сәйкес Комиссия: Комиссияға Шарттың XVIII бөлімінде және Хаттамада көзделген мәліметтерді (ақпаратты) ұсынбағаны үшін, оның ішінде Комиссияның талабы бойынша мәліметтерді (ақпаратты) ұсынбағаны үшін, жеке тұлғаларға – 10 000-нан 15 000-ға дейінгі Ресей рублі мөлшерінде, лауазымды тұлғаларға және жеке кәсіпкерлерге – 10 000-нан 60 000-ға дейінгі Ресей рублі мөлшерінде, заңды тұлғаларға – 150 000-нан 1 000 000-ға дейінгі Ресей рубліне мөлшерде айыппұл салады.

"МХРЗ" ЖШҚ және оның бас директоры Д. Ш. Гатин Комиссияға Комиссия сұратқан мәліметтерді (ақпаратты) алғаш рет ұсынбады. Көрсетілген мән-жай Траншекаралық нарықтардағы бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзғаны үшін айыппұлдарды есептеу әдістемесі мен салу тәртібіне тіркелген № 2 қосымшаға сәйкес айыппұлдардың мөлшерін есептеу кезінде жауапкершілікті жеңілдетуші ретінде ескеріледі.

Айыппұлдардың мөлшерін есептеу кезінде ескерілетін трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзғаны үшін айыппұлдарды

есептеу әдістемесі мен салу тәртібіне тіркелген № 1 және 2 қосымшаларда көзделген жауапкершілікті жеңілдететін өзге де мән-жайлар және жауапкершілікті ауырлататын мән-жайлар анықталған жоқ.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК